

Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің 2010 жылғы 19 қарашадағы № 60 шешімімен бекітілген Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру тұжырымдамасын іске асыру мақсатында және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың 3 және 30-тармақтарына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қоса беріліп отырған Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидалары бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы

Алқасының төрағасы

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық комиссия

Алқасының

2015 жылғы 27 қаңтардағы

№ 5 шешімімен

БЕКІТІЛГЕН

Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) деректерді электрондық алмасудың негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындайды.

2. Осы Қағидалар интеграцияланған жүйені құру, дамыту және жұмыс істеуі және ақпаратты қорғаудың тиісті деңгейін ұстау кезінде қабылданатын ұйымдық және техникалық шешімдерді жетілдіру мақсаттары үшін Комиссия қабылдайтын (бекітетін) техникалық, технологиялық, әдістемелік және ұйымдық құжаттардың ережелерін ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) ұлттық сегменттері арасында, сондай-ақ мүше

мемлекеттердің ұлттық сегменттері және Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) интеграцияланған сегменті арасында деректерді электрондық алмасуды (ақпараттық өзара іс-қимыл) қамтамасыз ететін ақпараттық жүйенің құрауыштарын әзірлеу кезінде қолданылады.

3. Осы Қағидалар мүше мемлекеттердің интеграцияланған жүйенің жұмыс істеуімен байланысты емес ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып деректерді электрондық алмасуға қолданылмайды.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мынаны білдіреді:

"MIME" (Multipurpose Internet Mail Extensions) – ақпаратты ішкі мәтіндік деректерде беру үшін кодтаудың және форматтаудың өзіндік ерекшелігі;

"SOAP" (Simple Object Access Protocol) – бөлінген есептеу ортасында хабарлар алмасудың хаттамасы;

"UUID" (Universally Unique Identifier) – әмбебап бірегей сәйкестендіруші;

"UTC" (Coordinated Universal Time) – әлемдік үйлестірілген уақыт стандарты;

"URI" (Uniform Resource Identifier) – ресурстарды бірізді сәйкестендіру форматы;

"XML" (eXtensible Markup Language) – Дүниежүзілік ғаламтор консорциумы(W3C) ұсынған белгілеудің кеңейтілген тілі;

"асинхронды өзара іс-қимыл" – жөнелтуші хабарды жібергеннен кейін оны алушының жауабын күтпестен бірден деректерді электрондық алмасудың түрі;

"бастамашы" – электрондық деректерді алмасудың жалпы процесінің транзакциясына бастамашы болатын қатысушы;

"интеграциялық шлюз" – интеграцияланған жүйенің әрбір торабында өрістетілетін және мүше мемлекеттердің ұлттық сегменті мен Комиссияның интеграцияланған жүйесінің интеграцияланған платформасының ұштасуын қамтамасыз ететін бағдарламалық және аппараттық құралдардың кешені;

"жалпы процесс рәсімі" – жалпы процеске қатысушылар орындайтын және жалпы процесс шеңберінде нақты міндетті шешуге бағытталған өзара байланысты операциялардың жиынтығы;

"респондент" – жалпы процесс транзакциясын орындау шеңберінде бастамашымен хабарлар алмасатын электрондық деректер алмасуға қатысушы;

"хабар" – ақпараттық-телекоммуникация желісінің көмегімен жөнелтушіден алушыға берілетін нысандалған ақпарат;

"жалпы процесс транзакциясы" – әрбір қатысушы жалпы процестегі өз операциясы шеңберінде жүзеге асыратын, қос қатысушы арасындағы кәдімгі ақпараттық өзара іс-қимыл;

"жалпы процеске қатысушы" – жалпы процесс шеңберінде деректерді электрондық алмасуға қатысушы;

"деректерді электрондық алмасуға қатысушы" – Комиссия, деректерді электрондық алмасуға қатысатын уәкілетті орган;

Осы Қағидаларда "сенім білдірілген үшінші тарап, "мүше мемлекеттің ұлттық сегменті", "Комиссияның интеграциялық сегменті", "Одақ шеңберіндегі жалпы процесс" және "уәкілетті орган" ұғымдары Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттамада айқындалған мәндерінде пайдаланылады (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша).

5. Интеграцияланған жүйеде деректерді электрондық алмасу мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері арасында, сондай-ақ мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері мен Комиссияның интеграциялық сегменті арасында 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымшаға, Одақ құқығын құрайтын электрондық нұсқада ақпарат алмасу көзделген өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Интеграцияланған жүйе арқылы Одақ шеңберінде жалпы процестерді (бұдан әрі – жалпы процестер) іске асыру мақсатында деректерді электрондық алмасуға қатысушылар жүйелерінің мынадай түрлері арасында деректерді электрондық алмастыру қолдау тауып отырады:

а) мүше мемлекеттердің мемлекеттік ақпарат жүйелері және уәкілетті органдардың ақпарат жүйелері;

б) Комиссияның ақпарат жүйелері.

7. Басқа да мүше мемлекеттердің және Комиссияның ақпарат жүйелерімен деректерді электрондық алмасуға қатысатын мүше мемлекеттердің мемлекеттік ақпарат жүйелері логикалық түрде мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің құрамына кіреді.

8. Мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің интеграциялық шлюздері логикалық түрде интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасының құрамына кіре отырып, мүше мемлекеттердің аумақтарында орналасады және мұндай сегменттерді интеграцияланған жүйесінің интеграциялық платформасына қосудың бірыңғай нүктелері болып табылады.

9. Мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің интеграциялық шлюздерінің негізгі функциялары мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің алмасу хаттамалары мен деректер форматтарын интеграцияланған жүйеде қолданылатын алмасу хаттамалары мен деректер форматына өзгерту және хабарларды бағыттандыру болып табылады.

Комиссияның интеграциялық сегментінің интеграциялық шлюзінің негізгі функциясы хабарларды бағыттандыру болып табылады.

10. Мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің және Комиссияның интеграциялық сегментінің құрамына интеграцияланған жүйе құралдарының көмегімен жүзеге асырылатын деректерді электрондық алмасу кезінде заңдастыруды, сенім кепілдігін және цифрлық қолтаңбаны (электрондық қолтаңбаны) қолданудың құқықтылығын қамтамасыз ететін сенім білдірілген үшінші тараптың сервистері кіреді.

Сенім білдірілген үшінші тараптың сервистерін іске асыру сервистердің мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылы кезінде пайдалану тұжырымдамасын және Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 73 шешімімен бекітілген заңды күші бар нормативтік-техникалық құжаттарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Сенім білдірілген үшінші тараптың сервистері уәкілетті органдармен келісу бойынша Комиссия қабылдайтын (бекітетін) және сервистердің мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылы кезінде және заңды күші бар электрондық құжаттардың пайдалану қағидаттарын белгілейтін нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес пайдаланылады.

11. Мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің ішінде деректерді беру кезінде ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйелері және жұмыс істеуі мүше мемлекеттердің заңнамасымен реттелетін мүше мемлекеттердегі деректер берудің өзге де жүйелері пайдаланылуы мүмкін.

II. Деректерді электрондық алмасу рәсімдері

12. Интеграцияланған жүйеде қатысушылар арасындағы деректерді электрондық алмасу мынадай логикалық: көліктік, технологиялық және қолданбалы деңгейлерде жүзеге асырылады.

Деректерді көліктік деңгейде электрондық алмасу рәсімдері HTTP, SMTP, MQ, FTP және басқалары сияқты деректерді жеткізудің көліктік протоколдары арқылы бір қатысушының жүйесінен басқа қатысушының жүйесіне деректер жеткізуді қамтамасыз етеді.

Деректерді технологиялық деңгейде электрондық алмасу рәсімдері деректерді көліктік деңгейде жеткізу протоколдары арқылы деректерді электрондық алмасуға қатысушылар арасында хабарлар алмасуды қамтамасыз етеді.

Деректерді қолданбалы деңгейде электрондық алмасу рәсімдері хабарлар арқылы деректерді электрондық алмасуға қатысушылар арасында электрондық құжаттар және электрондық құжат түрлерін (бұдан әрі – қолданбалы деңгейдің деректері) алмасуды қамтамасыз етеді.

13. Интеграцияланған шлюздер арасындағы деректерді көліктік деңгейде электрондық алмасу асинхронды орындалады.

Интеграцияланған шлюздер арасында деректерді көліктік деңгейде электрондық алмасу хаттамасының сипаттамасы №1 Қосымшада келтірілген. Бұл ретте мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері мен Комиссияның интеграциялық сегменті ішінде деректерді жеткізу хаттамалары үшін шектеу белгіленбеген.

14. Интеграцияланған шлюздер арасында деректерді технологиялық деңгейде электрондық алмасу SOAP форматындағы хабарлар арқылы орындалады.

Хабарлардың құрылымы мен форматына қойылатын талаптар, сондай-ақ хабарларды технологиялық деңгейде алмасу тәртібі осы Қағидалардың IV және V бөлімдеріне сәйкес белгіленеді.

15. Жалпы процестерді іске асыру кезінде деректерді қолданбалы деңгейде электрондық алмасу рәсімдерін орындау кезіндегі қолданбалы деңгей деректерінің құрылымы мен форматы, сондай-ақ мұндай алмасудың тәртібі осы Қағидалардың IV және V бөлімдеріне және жалпы процестердің интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін, тізбесі Еуразия экономикалық комиссиясы Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімімен бекітілген (бұдан әрі – ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттар) технологиялық құжаттарға сәйкес белгіленеді.

III. Деректерді электрондық алмасу рәсімдерін орындау жауапкершілігі

16. Мүше мемлекеттің ұлттық сегментінің жауапкершілік аймағына мүше мемлекеттің ұлттық сегментінің интеграцияланған шлюзінен қоса алғанда деректерді электрондық алмасуға қатысушыға дейінгі деректерді беру учаскесі кіреді.

Комиссияның интеграциялық сегментінің жауапкершілік аймағына осы сегменттің құрауыштары, сондай-ақ мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері мен Комиссияның интеграциялық сегменті арасындағы деректерді беру арналары кіреді.

17. Мүше мемлекеттер және Комиссия өз аймақтарының шегінде деректерді электрондық алмасуда жасалатын барлық операцияларға Қағидалардың тиісті бөлімдерінде белгіленетін көлемде жауапкершілікті болады.

Қолданбалы деңгейде ақпараттық өзара іс-қимыл рәсімдерін орындауды оған қатысушылар қамтамасыз етеді.

IV. Хабарлардың құрылымы мен форматы

1. Жалпы талаптар

18. Хабарлардың құрылымы мен форматын сипаттау кезінде 1-кестеде келтірілген атаулар кеңістігі, сондай-ақ, 2-кестеде келтірілген ерекшеліктер пайдаланылады.

1-кесте

Құжат атауы кеңістігінің тізбесі

Префикс	Мекенжай
---------	----------

int	urn:EEC:Interaction:v1.0
soap	http://www.w3.org/2003/05/soap-envelope
wsa	http://www.w3.org/2005/08/addressing
xop	http://www.w3.org/2004/08/xop/include
x3	http://www.w3.org/2001/XMLSchema

2-кесте

Хабарлардың құрылымы мен форматын сипаттау кезінде пайдаланылатын ерекшеліктер

Қысқаша атауы	Ерекшеліктердің толық атауы
SOAP 1.2	SOAP Version 1.2 Part 1: Messaging Framework (Second Edition). W3C Recommendation 27 April 2007. http://www.w3.org/TR/soap12-part1
WS-Addressing 1.0–Core	Web Services Addressing 1.0 – Core. W3C Recommendation 9 May 2006. http://www.w3.org/TR/ws-addr-core
WS-Addressing 1.0–Binding	Web Services Addressing 1.0 – SOAP Binding. W3C Recommendation 9 May 2006. http://www.w3.org/TR/ws-addr-soap
XML-binary Optimized Packaging	XML-binary Optimized Packaging. W3C Recommendation 25 January 2005. http://www.w3.org/TR/2005/REC-xop10-20050125
XML 1.0	Extensible Markup Language (XML) 1.0 (Fifth Edition). W3C Recommendation 26 November 2008. http://www.w3.org/TR/2008/REC-xml-20081126
RFC 2045	RFC 2045: Multipurpose Internet Mail Extensions (MIME) Part One: Format of Internet Message Bodies. http://tools.ietf.org/rfc/rfc2045.txt
RFC 3986	RFC 3986. Uniform Resource Identifier (URI): Generic Syntax. http://tools.ietf.org/html/rfc3986
RFC 4122	RFC 4122. A Universally Unique IDentifier (UUID) URN Namespace. http://www.ietf.org/rfc/rfc4122.txt
RFC 4648	RFC 4648: The Base16, Base32, and Base64 Data Encodings. http://tools.ietf.org/rfc/rfc4648.txt

19. Технологиялық деңгейде интеграцияланған шлюздер арасында SOAP форматында берілетін хабарлар SOAP 1.2 ерекшелігіне сәйкес ресімделеді және тақырыптар блогынан (soap:Header) және ішінде хабар бар блоктан (soap:Body) тұрады.

20. Тақырыптар блогы хабарларды бағыттандыру және өңдеу функцияларын орындау үшін, сондай-ақ деректерді электрондық алмасу мониторингі үшін қажетті технологиялық ақпаратты қамтиды.

21. Ішінде хабар бар блокдеректерді электрондық алмасуға қатысушылар үшін маңызды қолданбалы не технологиялық ақпаратты қамтиды, бұған соның ішінде қателер туралы технологиялық хабарлар да жатады.

22. Хабар бір қосар немесе одан да көп салымды қамтуы мүмкін. Қосар салымдар Base64 (RFC 4648) сәйкес) форматында ішінде хабар бар блокқа енгізілуі немесе дербес MIME-бөліктері түрінде ресімделуі мүмкін.

23. Қосар салымдарды дербес MIME-бөліктері түрінде беру кезінде ішінде хабар бар блоктың ішінде XML-binary Optimized Packaging ерекшелігіне сәйкес MIME-бөлігіне сілтеме жасалады.

24. MIME-бөліктегі хабарлар айрықша түрде хабар беру процестерін оңтайландыру үшін пайдаланылады. Хабарды өңдеу XML-binary Optimized Packaging ерекшелігінің ХОР өңдеу моделіне сай жүзеге асырылуға тиіс.

25. Егер қосар салымның мөлшері 2Мб-тан асатын болса, бұл жағдайда, қосар салымдарды MIME-бөліктері түрінде ресімдеу ұсынылады.

26. Хабарды және оның барлық блоктарының ішіне салынғандарды құралымдау кезінде UTF-8 кодировкасы пайдаланылуға тиіс.

27. Осы Қағидаларда хабарлар құрылымын кестелердің "Қысқалық" бағанында кесте түрінде беру кезінде элементтердің міндеттілігі, сондай-ақ элемент даналарының ең жоғары саны көрсетіледі:

- 1 – деректеме міндетті болып табылады, қайталауға жол берілмейді;
- n – деректеме міндетті болып табылады, n рет қайталануға тиіс, бұл ретте $n > 1$;
- 0..1- деректеме опциональды болып табылады, қайталауға жол берілмейді;
- 0..* - деректеме опциональды болып табылады, шектеусіз қайталануы мүмкін;
- 0..m – деректеме опциональды болып табылады, m реттен аспай қайталануы мүмкін, бұл ретте $m > 1$;
- 1..* - деректеме міндетті болып табылады, шектеусіз қайталануы мүмкін;
- n..* - деректеме міндетті болып табылады, n реттен кем болмай қайталануға тиіс, бұл ретте $n > 1$;
- n..m – деректеме міндетті болып табылады, n реттен кем болмай және m реттен аспай қайталануға тиіс, бұл ретте $n > 1, m > n$.

"@" символымен XML атрибуты белгіленеді. XML элементтері арнайы символдармен белгіленбейді.

2. Тақырыптар блогының құрылымы

28. Тақырыптар блогы WS-Addressing 1.0 – Core ерекшелігіне сәйкес тақырыптардан, сондай-ақ интеграцияланған жүйенің арнайы тақырыптарынан тұрады.

29. Тақырыптар блогы мынадай тақырыптарды қамтиды:

а) wsa:To – алушы туралы мәліметті қамтитын тақырып;

б) жөнелтушіні сәйкестендіретін тақырыптар жиыны:

wsa: ReplyTo – жөнелтушінің хабар-жауап жіберілуге тиіс логикалық мекенжайын қамтитын тақырып;

wsa:From – жөнелтушінің хабар-жауап жіберіле алмайтын логикалық мекенжайын қамтитын тақырып;

wsa:FaultTo – жөнелтушінің қателер туралы технологиялық хабарлар жіберілуге тиіс логикалық мекенжайын қамтитын тақырып ;

в) wsa:MessageID – хабардың сәйкестендірушісін қамтитын тақырып;

г) wsa:RelatesTo – хабардың сілтемелік сәйкестендірушісін қамтитын тақырып;

д) wsa:Action – хабардың ішіндегілерді сәйкестендіретін тақырып;

е) int:ProcedureID – жалпы процесс рәсімі данасын сәйкестендіретін тақырып;

ж) int:ConversationID – жалпы процесс транзакциясы данасын сәйкестендіретін тақырып;

з) int:Integration – интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасының қызметтік тақырыбы.

30. WSA:To тақырыбы хабарды бағыттандыру рәсімін орындау кезінде пайдаланылады.

WSA:To тақырыбы орындалуға міндетті және алушының осы бөлімнің 3-кішібөлімінде келтірілген қағидаларға сәйкес жасалған логикалық мекенжайын қамтуға тиіс.

31. Жөнелтушіні сәйкестендіретін тақырыптарда логикалық мекенжайлар осы бөлімнің 3-кіші бөлімінде келтірілген осындай мекенжайлар қалыптастыру қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

32. WSA:ReplyTo тақырыбы алушының жөнелтуші үшін хабар-жауапты қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуіне арналған. Жөнелтушінің логикалық мекенжайы wsa:ReplyTo тақырыбының wsa:Address элементінде көрсетіледі.

33. WSA:From тақырыбы түпкі хабарды жөнелтуші туралы мәліметтер беруге арналған. Жөнелтушіні сәйкестендіретін логикалық мекенжай wsa:From тақырыбындағы wsa:Address элементінде көрсетіледі.

34. Егер wsa:From тақырыбы толтырылмаса, жөнелтуші wsa:ReplyTo тақырыбы бойынша сәйкестендіріледі.

35. WSA:FaultTo тақырыбы wsa:ReplyToөрісінде көрсетілгеннен өзгеше логикалық мекенжайға қателер туралы технологиялық хабарлар беру мүмкіндігін қамтамасыз етуге арналған. Қателер туралы технологиялық хабарларды қабылдау үшін жөнелтуші пайдаланатын логикалық мекенжай wsa:FaultTo тақырыбының wsa:Address элементінде көрсетіледі.

Егер wsa:FaultTo тақырыбы толтырылмаса, қателер туралы технологиялық хабарлар өз атына хабар-жауап(wsa:ReplyTo/wsa:Address)жіберілуге тиіс деректерді электрондық алмасуға қатысушыға жіберіледі.

36. WSA:MessageID тақырыбы хабарлардың жекелеген даналарын бірегей сәйкестендіруге арналған. WSA:MessageID тақырыбы толтырылуға міндетті.

Хабарларды сәйкестендірушілердің мәндері жаһандық тұрғыда бірегей болуға және RFC 4122 ерекшелігіне сай UUID білдіруге тиіс.

37. WSA:RelatesTo тақырыбы хабарлардың тізбегін ұйымдастыруға арналған.

WSA:RelatesTo тақырыбы түпкі хабардың wsa:MessageID тақырыбының мәніне ие болуға тиіс. Бұл ретте wsa:MessageID тақырыбы жаңа мәнмен толтырылуға тиіс.

38. WSA:Action тақырыбы телехабарларда берілетін деректер семантикасы туралы деректерді электрондық алмасуға қатысушыларды хабардар етуге арналған. WSA:Action тақырыбы толтырылуға міндетті.

39. INT:ProcedureID тақырыбы орындау барысында хабар жөнелтілген жалпы процесс рәсімі данасын бірегей сәйкестендіруге арналған. Тақырып жалпы процестерді іске асыру кезінде деректерді электрондық алмасу мониторингі мақсатында пайдаланылады.

INT:ProcedureID тақырыбы 3-кестеде келтірілген құрылымға сәйкес және №2 қосымшаға сай келетін деректер схемасымен құралымдалады.

3-кесте

INT:ProcedureID тақырыбының құрылымы

Элемент	Деректер үлгісі	Сипаттама
---------	-----------------	-----------

int:ProcedureID xs:string жалпы процесс рәсімі
данасын сәйкестендіруші

Тақырыптардың мәні "/" символымен бөлінген құрауыштардан тұратын жол болып табылады. Әрбір құрауыш RFC 4122 ерекшелігіне сәйкес UUID болып табылады.

int:ProcedureID тақырыбының жолдары мынадай қағидаларға сәйкес қалыптасады:

тақырыптың бастапқы мәнін (жолдың бірінші құрауышы) рәсімге бастамашы болатын жалпы процеске қатысушы береді;

егер жалпы процеске қатысушы енгізілген рәсімге бастамашылық жасаса, int:ProcedureID тақырыбының мәніне "/" символы және енгізілген рәсімді сәйкестендіретін UUID жаңа құрауышы қосылады;

бір рәсім шеңберінде (енгізілген рәсім) жалпы процеске қатысушылар арасында хабарларды электрондық алмасу кезінде мұндай қатысушылармен int:ProcedureID мәні өзгермейді.

40. int:ConversationID тақырыбы іске асыру барысында хабар жіберілген жалпы процесс транзакциясы рәсімі данасын бірегей сәйкестендіруге арналған.

int:ConversationID тақырыбы осы Қағидалардағы 4-кестеде көрсетілген құрылымға және № 2 қосымшаға сай тақырып деректерінің схемасына сәйкес қалыптасады.

4-кесте

int:ConversationID тақырыбының құрылымы

Элемент	Деректер түрі	Сипаттама
int:ConversationID	xs:anyURI	жалпы процесс транзакциясы данасын сәйкестендендіргіш

Жалпы процесс транзакциясы данасын сәйкестендендіргіштің мәні бірегей болуға және RFC 4122 ерекшелігіне сәйкес UUID білдіруге тиіс.

41. int:Integration интеграцияланған жүйе интеграциялық платформасының қызметтік тақырыбы интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасының шегінде хабарларды сәйкестендіруді қамтамасыз етеді және интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасы деңгейінде құрауыштармен қалыптасады (толтырылады).

42. int:Integration интеграцияланған жүйесінің қызметтік тақырыбы осы Қағидалардағы 5-кестеде келтірілген құрылымға және № 2 қосымшаға сай int:Integration тақырыбы деректеріне сәйкес қалыптасады.

5-кесте

int:Integration тақырыбының құрылымы

Элемент	Деректердің түрі	Сипаттама	Еселігі
int:Integration	int:IntegrationType	тақырыптың айналмалы элементі	
int:TrackID	xs:anyURI	хабардың технологиялық сәйкестендіруші сәйкестендіргіш сәйкестендіруші идентификатор сообщения	1
int:AcceptTime	xs:dateTime	интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасының хабар қабылдау күні мен уақыты	1

43. Интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасының ішінде хабарларды сәйкестендіру үшін int:TrackID хабарды технологиялық сәйкестендіруші пайдаланылады.

Технологиялық сәйкестендіруші хабарға оны интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасы қабылдау кезінде беріледі. Технологиялық сәйкестендірушінің берілуі бір мәрте орындалады. Хабар интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасының құрауыштарымен берілген кезде технологиялық сәйкестендіруші өзгеруге тиіс емес.

Технологиялық сәйкестендірушінің мәні бірегей болып табылады және ол RFC 4122 сай UUID білдіреді.

44. INT:AssertTime элементі интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасының хабар қабылдау күні мен уақытын қамтиды. Элементтің мәні хабар қабылдау кезінде қалыптасады және бұдан әрі хабар берілген кезде өзгермейді. Уақыт белдеуі көрсетіле отырып, уақыт әлемдік үйлестірілген уақыт форматында (UTC) көрсетілуге тиіс.

3. Деректерді электрондық алмасуға қатысушылардың логикалық мекенжайларын қалыптастыру

45. Деректерді электрондық алмасуға қатысушылардың логикалық мекенжайлары деректерді электрондық алмасуға қатысушыларға хабарды беру кезінде бағыттандыру рәсімдерін орындау үшін пайдаланылатын технологиялық сәйкестендірушілерді білдіреді.

46. Деректерді электрондық алмасуға қатысушылардың логикалық мекенжайларының форматы RFC 3986 ерекшелігіне сәйкес айқындалады және мынадай құрауыштардан тұрады:

- а) "EAEU://"тіркелген кестесі;
- б) "/"символымен бөлінген мекенжай құрауыштары.

47. Мекенжай құрауыштары:

- а) сегмент сәйкестендіруші;
- б) деректерді электрондық алмасуға қатысушылардың логикалық мекенжайлары кеңістігін сәйкестендіруші;
- в) деректерді электрондық алмасуға қатысушыларды сәйкестендіруші болып табылады.

48. Сегменттердің сәйкестендірушісіб-кестеде келтірілген тізбеге сәйкес толтырылуға тиіс.

6-кесте

Интеграцияланған жүйе сегменттерінің сәйкестендірушілерінің тізбесі

Мақсаты	Доменнің қысқартылған атуы
---------	----------------------------

Комиссияның интеграциялық сегменті ЕЕС

мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері ISO 3166-1 (alpha-2)стандартына сәйкес

49. Деректерді электрондық алмасуға қатысушылардың логикалық мекенжайлары кеңістігінің сәйкестендірушісін толтыру кезінде мынадай типтік мәндер пайдаланылуға тиіс:

а) CP (Common Process) - деректерді электрондық алмасуға қатысушылардың логикалық мекенжайларының кеңістігі;

б) CA (Competent Authority) – мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарын не олар уәкілеттік берген ұйымдарды, сондай-ақ Комиссияны сәйкестендіру үшін пайдаланылатын логикалық мекенжайлар кеңістігі;

в) SR (SeRvice)–интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасының, Комиссияның ақпарат жүйелерінің, интеграцияланған жүйенің кіші жүйесінің функционалдық және қамтамасыз ететін құрауыштарын сәйкестендіру үшін пайдаланылатын логикалық мекенжайлар кеңістігі.

50. CP кеңістігі жалпы процеске қатысушылардың логикалық мекенжайларын қалыптастыруға және есепке алуға арналған.

CP кеңістігі үшін жалпы процесс қатысушысының сәйкестендірушісі "/" символымен бөлінген мынадай құрауыштардан тұрады:

жалпы процестің коды;

жалпы процеске қатысушыны кодпен таңбалау;

мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органын не ол уәкілеттік берген ұйымды сәйкестендіруші.

51. Жалпы процесс кодтарының мәндері және жалпы процеске қатысушыны кодтық таңбалау ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттардың тізбесіне кіретін жалпы процестің интеграцияланған жүйесінің құралдарымен (бұдан әрі - ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) іске асыру кезінде Комиссия Алқасы бекітетін ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында келтіріледі.

52. Егер ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттарда жалпы процестің аты аталған қатысушысының рөлін жалпы процестің бірнеше қатысушысы атқаруы мүмкін екендігі айқындалса, бұл жағдайларда, мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының не ол уәкілеттік берген ұйымның сәйкестендірушісі толтырылады. Қалған барлық жағдайларда аталған сәйкестендіруші толтырылмайды.

53. Мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органдарының не олар уәкілеттік берген ұйымдардың сәйкестендірушілері Комиссия Алқасы белгілеген тәртіппен Комиссия уәкілетті органдармен бірлесіп жүргізетін мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органдарының тізбесіне және олар уәкілеттік берген ұйымдардың тізбесіне сәйкес толтырылады.

54. Егер ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттарда не Комиссия уәкілетті органдармен келісу бойынша қабылдайтын (бекітетін) өзге де

нормативтік-техникалық құжаттарда өзгеше айқындалмаса, жалпы процестерді іске асыру кезінде CP кеңістігінің логикалық мекенжайлары жөнелтушілердің (алушылардың) адрестеуі үшін пайдаланылуға тиіс.

55. SA кеңістігі мүше мемлекеттердің нақты мемлекеттік билік органдарының не олар уәкілеттік берген ұйымдардың, сондай-ақ Комиссияның мекенжайына жіберуге арналған. Комиссияның және кез келген мүше мемлекеттің әрбір мемлекеттік билік органының не мұндай орган уәкілеттік берген ұйымның SA кеңістігінде логикалық мекенжайы болуға тиіс.

CP кеңістігінің логикалық мекенжайлары ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттарда не Комиссияның уәкілетті органдармен келісуі бойынша қабылдайтын (бекітетін) өзге де нормативтік-техникалық құжаттарында айқындалмаған жағдайларда, жалпы процестерді іске асыру кезінде жөнелтушілердің (алушылардың) адрестеуі үшін пайдаланылуы мүмкін.

56. SR кеңістігі интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасында, Комиссияның ақпарат жүйелерінде, интеграцияланған жүйенің функционалдық және қамтамасыз ететін кіші жүйелерінде пайдаланылады.

Деректерді электрондық алмасуды іске асыру кезінде Ақпараттық шлюздерді бір мәнде сәйкестендіру мақсаты үшін SR кеңістігіндегі ақпараттық шлюздерге gate сәйкестендірушісі бекітіледі.

Деректерді электрондық алмасуға қатысушылардың сәйкестендірушілерін қалыптастырудың өзге де қағидалары және SR кеңістігінің логикалық мекенжайларын пайдалану тәртібі интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасын, Комиссияның ақпарат жүйелерін, интеграцияланған жүйенің функционалдық және қамтамасыз ететін кіші жүйелерін жобалау кезінде таңдалған техникалық шешімдермен айқындалады.

4. Қолданбалы хабарларды қалыптастыру ерекшеліктері

57. Қолданбалы хабар ішінде хабар бар блокта қолданбалы деңгейдегі деректер берілетін хабарды білдіреді.

58. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде берілетін қолданбалы хабардың тақырыптар блогын қалыптастыру кезінде wsa:From және wsa:FaultTo тақырыптары қалыптастырылуға тиіс емес.

59. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде берілетін қолданбалы хабардың wsa:Action тақырыбы"/" символымен бөлінген, мынадай құрауыштардан тұратын (URI) ресурсының бірдейлестірген сәйкестендірушісімен толтырылады:

- а) "int://" тіркелген префиксі;
- б) CP сәйкестендірушісі;
- в) хабардың ішіндегісі туралы мәліметтердің құрауыштары.

60. Хабардың ішіндегісі туралы мәліметтердің құрауыштары мынадай тәртіппен көрсетіледі:

а) әрбір жалпы процесс үшін ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында айқындалған жалпы процестің коды;

б) әрбір жалпы процесс үшін ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында айқындалған жалпы процестің версиясы;

в) әрбір жалпы процесс үшін ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында айқындалған рәсім коды;

г) жалпы процестің интеграцияланған жүйесінің құралдарымен (бұдан әрі - ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) іске асыру кезінде жалпы процеске қатысушылар арасында тиісті ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде айқындалған жалпы процесс транзакциясының коды;

д) тиісті ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде айқындалған жалпы процесс хабарының коды.

61. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде берілетін қолданбалы хабарлар үшін `wsa:MessageID` және `wsa:RelatesTo` тақырыптарын пайдалану тәртібі жалпы процесс транзакциясын орындау тәртібіне байланысты және осы Қағидалардың VI бөлімінде келтірілген.

62. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде берілетін қолданбалы хабар тақырыптары блогының өзге тақырыптары осы Қағидалардың IV бөлімінің 2-кіші бөлімінде келтірілген қағидаларға сәйкес толтырылуға тиіс.

63. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде берілетін қолданбалы хабар ішінде хабар бар блогында ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттармен құрамы айқындалатын қолданбалы деңгейдің деректері көрсетілуге тиіс.

Қолданбалы хабардың үлгісі № 3 қосымшада келтірілген.

5. Қызметтік хабарларды қалыптастырудың ерекшеліктері

64. Қызметтік хабарлар сыныбына:

а) қате туралы технологиялық хабарлар;

б) интеграцияланған жүйенің қызметтік хабарлары жатады.

65. Қате туралы технологиялық хабар хабарды өңдеуге және (немесе) беруге мүмкіндік болмайтын және қолданбалы деңгей деректерінің семантикасымен байланысты емес сыни қате туралы айғақтайды.

Қате туралы технологиялық хабар SOAP1.2. ерекшелігіне сәйкес ресімделген SOAP-хабар Fault ретінде көрінеді. Қате туралы технологиялық хабардың үлгісі осы Қағидаларға № 3 қосымшада келтірілген.

66. Егер бұл тақырып бастапқы хабарда болса не `wsa:ReplyTo/wsa:Address` мәнімен болса, егер `wsa:FaultTo/wsa:Address` тақырыбы бастапқы хабарда жоқ болса,

технологиялық қате туралы хабардың wsa:To тақырыбы бастапқы хабардың wsa:FaultTo/wsa:Address тақырыбының мәнімен толтырылуға тиіс.

67. Қате туралы технологиялық хабар жөнелтушіні сәйкестендіру үшін wsa:From тақырыбы пайдаланылуға тиіс.

68. Қате туралы технологиялық хабардың wsa:RelatesTo тақырыбы xs:anyURI үлгісіндегі int:RelatesAction атрибутын қамтуға тиіс. Аталған атрибутта осы қате туралы технологиялық хабар құралатын wsa:Action тақырыбының мәні болуға тиіс. INT:RelatesAction атрибуты деректерінің схемасы осы Қағидаларға № 2 қосымшада келтірілген.

69. Қате туралы технологиялық хабарлар үшін wsa:ReplyTo және wsa:FaultTo тақырыптары қалыптастырылуға тиіс емес.

70. Қате туралы технологиялық хабардың wsa:Action тақырыбында мынадай мәндердің бірі болуға тиіс:

а) WS-Addressing 1.0 – Binding ерекшелігімен көзделген қателер туралы технологиялық хабарлар үшін - <http://www.w3.org/2005/08/addressing/fault> мәні;

б) қателер туралы өзге де технологиялық хабарлар үшін - <http://www.w3.org/2005/08/addressing/soap/fault> мәні.

71. Қате туралы технологиялық хабар тақырыбының өзге де тақырыптары осы Қағидалардың IV бөлімінің 2-кіші бөлімінде келтірілген қағидаларға сәйкес толтырылуға тиіс.

72. Ішінде қате туралы технологиялық хабар бар блок 7-кестеде ұсынылған элементтер жиынын қамтуға тиіс.

7-кесте

Ішінде қате туралы технологиялық хабар бар блок құрамы

Элемент	Деректердің түрі	Сипаттама	Еселігі
soap:Fault	soap:Fault	блоқтың айналмалы элементі	
soap:Code	soap:faultcode	айналмалы элемент	1
soap:Value	soap:faultcodeEnum	қателердің сыныбы	1
soap:Subcode	soap:subcode	қателер блогының айналмалы элементі	1
soap:Value	xs:QName	қате коды	1
soap:Reason	soap:faultreason	қатені мәтіндік баяндаудың айналмалы элементі	1
soap:Text	soap:reasontext	қатені мәтіндік баяндаудың блогы	1..*

@xml:lang	—	тілдік сәйкестендіруші	1
soap:Detail	soap:detail	қатені тәптіштеу	0..1

73. SOAP:Code/soap:Value элементі SOAP 1.2. ерекшелігінің талаптарына сәйкес толтырылуға тиіс.

74. SOAP:Code/soap:Subcode/soap:Value элементінде қатенің коды болуға тиіс.

Қателердің типтік кодтарының тізбесі және WS-Addressing 1.0 – Binding ерекшелігі кодтарын пайдалану қағидалары 8-кестеде ұсынылған.

8-кесте

Қателердің типтік кодтары

Қатенің сыныбы	Қатенің коды	Сипаттама және қолдану ерекшеліктері
soap:Sender	wsa:InvalidAddressingHeader	WS-Addressing 1.0–Binding ерекшелігінде айқындалған қағидаларға сәйкес мынадай шектеулермен пайдаланылады: Subsubcode мәні пайдаланылмайды wsa:DuplicateMessageID үлгісіндегі қате қалыптастырылмайды және жөнелтілмейді
soap:Sender	wsa:MessageAddressingHeaderRequired	WS-Addressing 1.0 – Binding ерекшелігінде айқындалған қағидаларға сәйкес пайдаланылады
soap:Sender	wsa:DestinationUnreachable	WS-Addressing 1.0 – Binding ерекшелігінде айқындалған қағидаларға сәйкес пайдаланылады
soap:Sender	wsa:ActionNotSupported	WS-Addressing 1.0 – Binding ерекшелігінде айқындалған қағидаларға сәйкес пайдаланылады
soap:Sender	int:InvalidHeader	интеграцияланған жүйенің бір немесе бірнеше мамандандырылған тақырыптары жоқ
soap:Receiver	wsa:EndpointUnavailable	WS-Addressing 1.0–Binding ерекшелігінде айқындалған қағидаларға сәйкес мынадай шектеулермен пайдаланылады: жалпы процесс шеңберінде деректермен электрондық алмасуды іске асыру кезінде wsa:RetryAfter элементі пайдаланылмауға тиіс

soap:Receiver	int:InternalError	хабарламаны өңдеу кезінде болжап болмас қате пайда болды
soap:Sender	int:DataError	қолданбалы деңгейде алынған деректерде дұрыс емес құрылымдар бар

75. SOAP:Text элементі қатенің мәтіндік сипаттамасын қамтуға тиіс.

SOAP:Text әрбір элементінде XML 1.0. ерекшелігіне сәйкес құралатын xml:lang тілдік сәйкестендірушіі болуға тиіс.

Егер қате туралы технологиялық хабарда soap:Text элементтерінің жиыны бар болған жағдайда, элементтердің әрқайсысында soap:Text элементтерінің басқа да сәйкестендірушілерінен өзгеше xml:lang тілдік сәйкестендірушісі болуға тиіс.

Қате туралы технологиялық хабарда кем дегенде бір soap:Text элементі бар болуға тиіс, оның мазмұны орыс тілінде ұсынылған, ал xsi:lang тілдік сәйкестендірушісінде ru белгісі болуға тиіс.

76. SOAP:Detail міндетті емес элементі қатені тәптіштейтін ақпаратты қамтуға тиіс.

Қате туралы технологиялық хабарды қалыптастыру кезінде soap:Detail элементіне (тақырыптар блогын және ішіндегілерін қоса) өңдеу кезінде қате туындаған хабар енгізу ұсынылады. Бұл операция мынадай тәртіппен орындалады:

енгізілетін хабар XML 1.0 ерекшелігінің қағидаларына сай CDATA тегтерімен көмкеріледі;

алғашқы қадамда алынған конструкция int:ProblemMessage элементіне салынады;

екінші қадамда алынған конструкция soap:Detail элементіне салынады.

INT:ProblemMessage элементі тақырыбы деректерінің схемасы осы Қағидаларға № 2 қосымшада келтірілген.

77. Интеграцияланған жүйенің қызметтік хабарлары интеграцияланған жүйе құрауыштарының арасында деректерді беру үшін пайдаланылады.

Ішінде интеграцияланған жүйенің қызметтік хабары бар блокта интеграцияланған жүйе құрауыштарын әзірлеу кезінде құрамы айқындалатын деректер көрсетілуге тиіс.

Интеграцияланған жүйенің қызметтік хабарының wsa:Action элементі "/" символымен бөлінген мынадай құрауыштардан тұратын ресурстың біріздендірілген сәйкестендірушімен (URI) толтырылуға тиіс:

"int://" тіркелген префиксі;

SR сәйкестендірушіі;

интеграцияланған жүйе қызметтік хабарының ішіндегісін бірдейлестіретін бір немесе бірнеше құрауыш.

Интеграцияланған жүйе қызметтік хабары тақырыптар блогының өзге де тақырыптары осы Қағидалардың IV бөлімінің 2-кіші бөлімінде келтірілген қағидаларға сәйкес толтырылуға тиіс.

V. Хабарды электрондық алмасудың тәртібі

1. Хабар беру сценарийі

78. Интеграцияланған жүйенің сегменттері хабар берудің мынадай біріздендірілген сценарийін қолдауға тиіс:

а) жөнелтуші интеграцияланған жүйедегі өз сегментінің интеграцияланған шлюзіне (жөнелтушінің интеграцияланған шлюзі) берілетін хабарды құралымдайды.

б) жөнелтушінің интеграцияланған шлюзі алушы сегментінің интеграцияланған шлюзіне (алушының интеграцияланған шлюзі) интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасының инфрақұрылымы арқылы хабарды өңдеуді және хабарды беруді орындайды;

в) алушының интеграцияланған шлюзі хабарды өңдеуді және хабарды алушыға беруді орындайды;

г) алушы хабарды өңдеуді іске асырады.

79. Интеграцияланған жүйенің ұлттық сегменттерінде жөнелтуші (алушы) мен жөнелтушінің интеграцияланған шлюзі (алушының интеграцияланған шлюзі) арасында хабарлар беруді ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимылдың ұлттық жүйесі электрондық түрде іске асырады.

80. Жалпы процестерді іске асыру кезінде мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінде деректерді электрондық алмасуға қатысушылардың хабарларын қалыптастыру мен өңдеу осы Қағидаларды ескере отырып, ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттардың негізінде орындалады.

81. Осы Қағидалардың V және VI бөлімдерінің ережелерінде ұлттық ерекшелікті ескерместен, деректерді электрондық алмасуға қатысушылар арасында деректерді электрондық алмасудың біріздендірілген тәртібі айқындалады.

Аталған бөлімдерде көзделген деректерді электрондық алмасу рәсімдерін ұлттық деңгейде деректерді электрондық алмасу рәсімдерімен ұштастыру қағидаларын мүше мемлекеттер өз бетінше айқындайды.

82. Осы Қағидаларды ескере отырып, ұлттық деңгейде ақпараттық өзара іс-қимыл процестерін регламенттеу үшін мүше мемлекеттерге мүше мемлекеттің тиісті ұлттық сегменті ішінде деректерді беру қағидаттарын айқындайтын нормативтік-техникалық құжаттар әзірлеу ұсынылады.

2. Ұлттық форматта хабарларды қалыптастыру

83. Мүше мемлекеттер мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттері шеңберінде (бұдан әрі - ұлттық форматтағы хабарлар) ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл үшін пайдаланылатын хабарлардың форматы мен құрылымына қатысты қағидалар мен талаптар белгілеуі мүмкін.

84. Мүше мемлекеттің ұлттық сегментінің интеграцияланған шлюзі ұлттық форматтағы хабарды құрылымы мен форматы осы Қағидалардың IV бөлімінде айқындалған хабарға (бұдан әрі - біріздендірілген құрылым хабары) өзгертуді орындайды.

85. Ұлттық форматтағы хабарды біріздендірілген құрылымның хабарына өзгерту кезінде мүше мемлекеттің ұлттық сегментінің интеграцияланған шлюзі пайдаланатын мәліметтердің қалыптастырылуы үшін жөнелтуші жауапкершілікті болады.

86. Ұлттық форматтардағы хабарларда біріздендірілген құрылымның хабарларының тақырыптарын толтыру үшін пайдаланылатын мәліметтерді беру схемасын мүше мемлекеттер өз бетінше айқындайды.

3. Интеграцияланған шлюздердің хабарлар беруі

87. Технологиялық деңгей деректерінің алмасу тәсілдерінің және форматтарының үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін интеграцияланған шлюздер WS-I Basic Profile Version 2.0 (WS-I Basic Profile Version 2.0. Final Material. 2010-11-09. <http://www.ws-i.org/Profiles/BasicProfile-2.0.html>) ерекшелігімен айқындалған қағидалардың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

88. Интеграцияланған шлюздер деректерді алмасу схемасын іске асыруға тиіс, оның шеңберінде деректерді (аралас интеграцияланған шлюзге немесе ведомствоаралық ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесіне) беру тізбегінде хабар кезекті торапқа дейін жеткізілуге тиіс не хабарды жөнелтушінің атына қате туралы технологиялық хабар жіберілуге тиіс.

89. Егер берілген хабардың өзі қате туралы технологиялық хабар болып табылса, бұл жағдайда интеграцияланған шлюз қате туралы технологиялық хабарды жібермеуге тиіс.

90. Мүше мемлекеттердің ұлттық сегменттерінің интеграцияланған шлюздеріндегі тосын жағдайларды жөндеуді оңайлату мақсаты үшін хабарларды өңдеу туралы диагностикалық ақпарат сақталады, ол № 4 қосымшаға сәйкес тәртіппен Комиссияның интеграцияланған сегментінің интеграциялық шлюзіне беріледі.

4. Алушының хабарды өңдеуі

91. Алушы мынадай типтік сатыларға сәйкес хабарды өңдейді:

- а) хабарды технологиялық бақылау;
- б) ішінде хабар бар блокты құрылымдық бақылау;
- в) ішінде хабар бар блокты форматтық-логикалық бақылау;
- г) ішінде хабар бар блок деректерін өңдеу.

92. Хабарды технологиялық бақылау қолданбалы деңгейде берілетін деректерді ескермей, хабарлардың құрылымының белгіленген форматтарға және хабардың құрылымына сәйкестігін тексерумен, сондай-ақ хабарлардың тақырыптары деңгейінде хабарлардың байланыстылығын бақылаумен жасалады.

Егер хабарға технологиялық бақылау жүргізу нәтижесінде қателер анықталса және бұл ретте тексерілетін хабар қате туралы технологиялық хабар болып табылмаса, алушы жөнелтушіге soap:Sender сыныбындағы қате туралы технологиялық хабар жіберуге тиіс. Қатенің типтік кодтары 8-кестеде ұсынылған.

93. Ішінде хабар бар блокты құрылымдық бақылау оның құрылымының деректердің белгіленген құрылымдарына сәйкестігін тексерумен (XSD-схемасы бойынша бақылау) жасалады.

94. Ішінде хабар бар блокты форматтық-логикалық бақылау кезеңінде жөнелтушінің ішінде хабар бар блоктың элементтерін дұрыс толтыруын және ішінде хабар бар блоктың өз араларындағы элементтерінің өзара байланыстылығын тексеру, сондай-ақ алушының қолданбалы деңгейдегі деректердің дұрыс өңделуі мүмкіндігіне көз жеткізуіне мүмкіндік беретін өзге де тексерулер орындалады.

95. Жалпы процестерді іске асыру кезінде ішінде хабар бар блокты форматтық-логикалық бақылау, ішінде хабар бар блок деректерін өңдеу тәртібі, сондай-ақ тосын жағдайлар туындаған жағдайдағы іс-қимылдар ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарда айқындалады.

Ішінде хабар бар блокты құрылымдық бақылау кезеңінде пайда болған қателер туралы алушыны құлағдар ету, ішінде хабар бар блокты форматтық-логикалық бақылау және ішінде хабар бар блоктың деректерін өңдеу осы Қағидалардың VI бөлімінде айқындалған тәртіппен және тәсілдермен жүзеге асырылады.

VI. Жалпы процестерді іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі

1. Жалпы процесс транзакциясы

96. Жалпы процестерді іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарда, сондай-ақ осы бөлімде айқындалады.

97. Жалпы процестерді іске асыру кезінде қатысушылардың ақпараттық өзара іс-қимылы жалпы процесс транзакциясы арқылы жүзеге асырылады.

98. Жалпы процестің транзакциясы шеңберінде типтік шаблондар бойынша хабарлар алмасу жүзеге асырылады, олардың сипаттамасы осы бөлімнің 4-9 кіші бөлімдерінде келтірілген.

Жалпы процестің транзакциясын орындау кезінде әрбір жөнелтілген хабар ойдағыдай өңделуге тиіс не транзакция хабарларын өңдеуден туындаған жалпы процеске қатысушылар жүйелеріндегі қолданбалы деңгейдегі барлық өзгерістер жойылуға тиіс.

99. Жалпы процестің транзакциясы шеңберінде хабарлар алмасудың мынадай түрлері жүзеге асырылады: жалпы процесс хабарлары, растау сигналдары және болғызбау сигналдары.

Жалпы процесс хабары ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жалпы процеске қатысушылар арасында берілетін қолданбалы деңгейдегі деректер жиынын қамтитын қолданбалы хабарды білдіреді.

Растау сигналы жалпы процесс хабарын өңдеудің кезекті кезеңінің ойдағыдай өтуін айғақтайтын қолданбалы хабарды білдіреді.

Болғызбау сигналы жалпы процесс хабарын өңдеудің регламенттік рәсімінен ауытқуды айғақтайтын қолданбалы хабарды білдіреді.

Растау сигналдары мен болғызбау сигналдарының сипаттамасы осы бөлімнің 3-кіші бөлімінде келтірілген.

100. Егер бұл хабарға жауап алынбаса не қате туралы технологиялық хабар алынса, сенімді ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру мақсатында жалпы процесс транзакциясының әрбір шаблону жалпы процесс хабарын қайта жіберу мүмкіндігін көздейді.

Хабар қайта жіберілген кезде wsa:MessageID хабарының жаңа сәйкестендірушісі құралуға тиіс.

101. Егер жалпы процестің ерекшелігі телнұсқаларды (қайта жіберілген хабарларды) бақылауды (қадағалауды) көздесе, бұл жағдайда, мұндай бақылау қолданбалы деңгей деректерінің құрылымдары бойынша орындалады. Егер бұл ретте алушы жөнелтушінің хабарды қайта жібергенін анықтаса, жалпы процесс транзакциясының шаблонуна сәйкес алушы хабар-жауап құрастыруға тиіс. Телнұсқалардың анықталуы туралы кез келген басқа да хабарлар (қате туралы технологиялық хабарлар және болғызбау сигналдары) құрастырылмауға тиіс.

102. Транзакциялар ішінде хабарлар арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін, жалпы процесс транзакциясына бастамашы болатын хабарларды қоспағанда, жалпы процестің барлық хабарларында wsa:RelatesTo өрісі толтырылады.

WSA:RelatesTo өрісі жалпы процесс қатысушысы жалпы процесс транзакциясын орындаудың алдыңғы кезеңінде алған wsa: MessageID хабары сәйкестендірушісін қамтиды (1-сурет).

:бастамашы		:респондент
1		1
1		1

1		1	
1		1	
Транзакция 1		1	
		1	
	Хабар-сұрату	1	
		1	
1	(\уза:Ме55адеГО—'AAAA-...Л \уза:Ke1a1:e&To - жоқ)	1	
1		1	
1	"Алынды" растау	1	
1	сигналы	1	
1		1	
1		1	
1	(\у5а:Ме.55адеГО="BBBB-...Л \уза:Ke1a1:e\$То=" А АА А-...")	1	
1		1	
1	"Өңдеуге қабылданды"	1	
1	растау сигналы	1	
1		1	
1	(\у за:Ме3з ад еГО—' СС С-...Л \у за: Ke1a1e\$То=" А АА А-...")	1	
к:		1	
1		1	
1	Хабар-жауап	1	
1		1	
1		1	
1	(\уза:Ме3задеЮ-'БПБВ-...Л лУ5а:Ke1a1e5То="AAAA-	1	
1		1	
1		1	
1		1	
1		1	
1		1	
1		1	
1		1	
Транзакция 2		1	
		1	
[		1	
1	Хабар-хабарлама	1	
1		1	
1	(\уза:Ме5за\$еШ—'XXXX-...", \У5а:Ke1a1:e5То - жоқ)	1	
1		1	
1		1	
1		1	
1		1	
1		1	

1-сурет. Жалпы процесс транзакциясында жалпы процесс хабарларын

103. Қатысушы жалпы процесс транзакциясының шаблонымен айқындалған хабардың орнына қате туралы технологиялық хабар алуы мүмкін. Қате туралы кез келген технологиялық хабарлардың алынуы тосын жағдай болып табылады.

2. Жалпы процесс транзакциясының параметрлері

104. Осы бөлімде жалпы процеске қатысушылардың жалпы процесс транзакциясының мынадай параметрлерін қолдану тәртібі айқындалған:

"Алынғанын растау уақыты";

"Өңдеуге қабылданғанын растау уақыты";

"Жауаптың уақыты";

"Қайталаудың саны".

Аталған параметрлердің мәндері ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарда көрсетілген.

105. "Алынғанын растау уақыты" параметрі жөнелтушінің жалпы процестің хабарын жіберуі мен оның "Алынды" растау сигналын алған уақыты арасындағы ең жоғары уақыт аралығын береді. Егер осы өлшемнің мәні көрсетілмесе, бұл жағдайда, деректерді электрондық алмасуға қатысушылар транзакцияны орындау кезінде "Алынды" растау сигналын пайдалануға тиісті емес.

Егер алушы келісілген уақыт аралығында алынудың дұрыстығын растамаса, жалпы процестің хабар жөнелтушісі хабарды қайта жөнелтуге тиіс. Қайта жөнелтудің санын "Қайталаудың саны" транзакциясы параметрі береді.

106. "Өңдеуге қабылданғанын растау уақыты" параметрі жөнелтушінің жалпы процестің хабарын жіберуі мен оның "Өңдеуге қабылданды" растау сигналын алған уақыты арасындағы ең жоғары уақыт аралығын береді. Осы параметрдің мәні көрсетілмеген жағдайда, деректерді электрондық алмасуға қатысушылар транзакцияны орындау кезінде "Өңдеуге қабылданды" растау сигналын пайдалануға тиісті емес.

Егер алушы келісілген уақыт аралығында алынудың дұрыстығын растамаса, жалпы процестің хабарын жөнелтушісі хабарды қайта жөнелтуге тиіс. Қайта жөнелтудің санын "Қайталаудың саны" транзакциясы параметрі береді.

107. "Жауаптың уақыты" параметрі бастамашының жалпы процестің хабарын (хабар-сұрату) жөнелтуі мен оның респонденттен хабар-сұратуды (хабар-жауапты) өңдеу нәтижесі бар ақпаратымен хабар-жауап алу уақыты арасындағы ең жоғары уақыт аралығын береді.

Егер келісілген уақыт аралығында респонденттен хабар-жауап алынбаса, бастамашы хабар-сұрату жөнелтуді қайталауға тиіс. Қайта жөнелтудің санын "Қайталаудың саны" транзакциясы параметрі береді.

108. "Алынғанын растау уақыты", "Өңдеуге қабылданғанын растау уақыты" және "Жауаптың уақыты" параметрлерімен берілетін регламенттік мерзімдердің сақталуын бақылау жалпы процестің хабарын жөнелтушіге жүктеледі. Алушы бұл параметрлерге бақылауды жүзеге асырмайды.

109. "Қайталаудың саны" параметрі жалпы процестің хабарын жөнелтуде ең жоғары қайталау санын береді.

110. Жалпы процестің хабарын қайталап жөнелту саны бітіп қалған кез, ал жөнелтушінің бәрібір қажетті хабар санын ала алмауы тосын жағдай болып табылады.

111. Жалпы процеске қатысушылар хабарды қайталап жөнелтудің санын барынша қысқарту үшін барлық мүмкін болатын шараларды қабылдауға тиіс.

3. Растау сигналдары және болғызбау сигналдары

112. Хабарларды өңдеудің кезеңдері туралы белгі беру үшін осы кіші бөлімде аталған растау сигналдары және болғызбау сигналдары пайдаланылады.

Растау сигналдары және болғызбау сигналдары № 5 қосымшаға және № 6 қосымшаға сай деректердің схемасына сәйкес құрылымның және деректеме құрамының сипаттамасына орай қалыптасады.

113. "Алынды" және "Өңдеуге қабылданды" растау сигналдары жалпы процестің хабарларын жеткізудің кепілдігін қамтамасыз ету қажет болған жағдайларда пайдаланылады.

114. Ішінде хабар бар блокты құрылымдық бақылау кезеңі орындалған сәтте жалпы процестің хабарын алушы "Алынды" растау сигналын жібереді.

Жалпы процес хабарының ішіндегісін біріздендіретін `wsa:Action` тақырыбын қалыптастыру кезінде "Алынды" растау сигналы үшін `P.MSG.RCV` хабарының коды пайдаланылады. Хабардың ішіндегісі туралы мәліметтердің қалған құрауыштары қолданбалы хабарлар үшін `wsa:Action` тақырыбын қалыптастырудың қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

115. Ішінде хабар бар блогының деректерін өңдеу кезеңін орындау алдында жалпы процестің хабарын алушы "Өңдеуге қабылданды" растау сигналын жібереді.

Жалпы процесс хабарының ішіндегісін біріздендіретін `wsa:Action` тақырыбын қалыптастыру кезінде "Өңдеуге қабылданды" растау сигналы үшін `P.MSG.PRS` хабарының коды пайдаланылады. Хабардың ішіндегісі туралы мәліметтердің қалған құрауыштары қолданбалы хабарлар үшін `wsa:Action` тақырыбын қалыптастырудың қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

116. Хабарды алушы жөнелтушіге транзакция шаблонын пайдалануға қарамастан, "Қате" болғызбау сигналын жөнелтетін ахуал мынадай:

